

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Аудармадағы трансформациялық
интерпретация және ықпал





Мақсаты: Сильвия Хеннебергтің Элизабет Бишоптың «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» және Макс Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» шығармаларына жасаған салыстырмалы талдауымен танысу.

Тірек сөздер: аударма, интерпретация, әсер, империализм, еркін аударма, Бразилия т.б.

Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» антологиясымен таныстығымызды жалғастырамыз. Монхед университетінің ағылшын тілі профессоры Сильвия Хеннебергтің ақындар Элизабет Бишоптың «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» және Макс Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» атты шығармаларын мысалға алған, трансформациялық интерпретация және ықпал туралы зерттеуін қарастырамыз.

Сильвия Ханнебергтің пайымдауынша, Элизабет Бишоп аударма жасауға мұқият қарап, сөзбе-сөз аударған дұрыс деп есептеген. Өзінің сол күйі жарияланбай қалған «Аударма бойынша ескертпелер» (негізінен, поэзияға қатысты) атты еңбегінде Бишоп «аудармаға шағымдарын» айтады: айталық, «сөздер нақты болмаса, дұрыс емес», «бір ғана сөзді пайдалануға болғанда, үш не одан да көп сөзді пайдалану – қателік». Роберт Лоуэллдің «Имитация» атты жұмысы (1961 ж.) аударманы – шығармашылық жеке интерпретация деп танып, Бишоптың наразылығын тудырады. Лоуэллге жазған хатында ол автордың жеке тұлғалық стилі мен рифмаларды, сондай-ақ, поэтикалық ойын қатаң сақтаудың маңыздылығын айтады: «Мен түсіне алмайтын жайт – еркін аударма поэтикалық ойды өзгертуге немесе оған әсер етуге құқығы бар ма?». Еркін аудармаға қатысты мұндай ескертпелерге қарамастан, Бишоптың өзі де осыған ұқсас іс-әрекетпен айналысты. Оны басқа тілдерден өлеңдерді трансформативті интерпретациялау деп атады.

Осыған байланысты С. Хеннеберг Бишоптың «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» өлеңі (1960) мен француздың модернистік бағыттағы ақыны Макс Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» (1921) өлеңі арасындағы әлі күнге зерттеле қоймаған байланысты қарастырады. Бұл екі өлең арасында көптеген ұқсастықтар бар, мәселен, Бразилияны бақша ретінде суреттеу. Бишоп Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» туындысын өзінің өлеңін жазу барысында қолданған болса керек. Сондықтан бір жағынан, Жакобтың Бишоп поэзиясына ықпалы, екінші жағынан, бұл шығарма Бишоптың трансформативті интерпретацияны шетелдік поэзиямен өзара байланыс құралы ретінде тануы себеп болса керек.

Бишоптың жарияланған хаттары мен өмірбаянын оқи отырып, ақын-қыздың Франция мен оның мәдениетін аса жақсы көрмегенін байқауға болады. Бургундиядағы қайғылы автокөлік апаты, Парижде тұрған кезінде орын алған демікпенің жедел ұстамасы Бишоптың Марианна Мурға (1937) жазған хатында Франция туралы былай деуіне себеп болды: «Бұдан былай бұл жерге келмеймін деп үміттенемін». Бишоп өміріндегі қиындықтарды – өлім, жалғыздық, сырқат, жарақат, жазуға қабілеттілігінің жойылуы, тіпті алкоголизмді француз мәдениетімен және қоршаған ортамен байланыстырады. Бұған дәлел – 1930 жылдардың ортасында Францияға бірнеше рет сапар шеккеннен кейін, оның бұл елге сол күйі оралмауы.

Соған қарамастан, Бишоп француз ақыны, кубизм өкілі Макс Жакобтың (1876–1944) шығармашылығына қызығушылық танытады. Ол 1950 жылы Жакобтың төрт өлеңін аударды. Сондай-ақ оның эксперименттері мен тақырыптарынан шабыттанады. Бишоп пен Жакобтың «Темір жол» деп бірдей аталатын өлеңдері бар. Тіпті саяхаттар мен географияға байланысты көптеген өлеңдерінің атаулары да ұқсас (Бишопта «Қораздар», ал Жакобта «Қораз бен маржантас», Бишопта «Бір өнер», ал Жакобта «Жеке өнер», Бишопта «Қалпақтарды алмастыру», ал Жакобта «Тәтей, бәліш және қалпақ»).

Ұқсас атауларынан басқа екі ақынның сюрреалистік экспериментінде де ұқсастық бар. Мәселен, Бишоптың «Қара күйе-адам» өлеңі мен Жакобтың «Мүйіздерден жасалған ойын тастары» (1971) өлеңдер жинағын алып қарайық. Бишоптың үй мен саяхат арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау тақырыбы («Сапар туралы сауалдар», «Сантосқа тұрақтау») Жакобтың «Саяхат» секілді өлеңінде ұқсас суреттелген. Бишоп пен Жакобтың әлеуметтік шеттетілген елдерді тануға деген қабілетсіздігін бейнелейтін алғышарттар Бишоптың «Мануэльзиньо» және Жакобтың «Неапольдың қайыршысына» өлеңдерінде сипатталған.



Жакоб шығармашылығының Бишоп шығармашылығына әсер ету деңгейін С. Хеннеберг әлі де зерттеу керек деп есептейді. Алайда Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» (1921 ж.) өлеңінің Бишоптың «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» (1960) өлеңіне әсер еткеніне күмән келтіруге болмайды. Екі өлеңнің де мәнері, сюжеті мен драмалық дамуы, түйінінде керемет ұқсастықтар бар. Бишоптың Жакобтың үлгісінен алыстауға тырысқан тәсілдері өте қызық. Бишоптың қарапайым оқырманға бірден түсінікті бола бермейтін өлеңді трансформативті интерпретациялауы арқылы Макс Жакоб француз әдебиетіне өзіндік үлес қосты деуге болады.

Сырттай қарағанда бұл екі өлең бір-бірінен өзгеше. Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» өлеңі грамматикалық толық сөйлемдерден құралған. Бұл сөйлемдер ішкі рифмаға және «александриялық өлең» стиліне бағынған. Бишоптың «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» өлеңі еркін өлең стилінде жазылған, ондағы сипаттамалы фразалар қарапайым синтаксисті елемейді. Бұл өлең рифмаға бағынбайды, бірақ аллитерация, қайталау және санамалау секілді тәсілдерге сүйенеді. Бұндай тәсілдер Жакоб өлеңдерінде қолданылмайды.

Екі өлеңнің де элементтерінде ұқсастық жоқ болғанмен, екеуінің тақырыбы бір-біріне жақын. Екі өлеңде де оқиғаның орны – Бразилия; кезеңі – христиандар бөтен елге аяқ басып, оны өзінікі деп жариялай бастаған колонизация дәуірі; кіріспесі де өте ұқсас, себебі екеуі де табиғатты сипаттаған. Жакобтың өлеңі: «Бізді папоротниктер мен ананастар және ағаштардың көлеңкесінде демалып жатқан ұялшақ антилопалар күтіп алды», – деп басталса, Бишоптың өлеңі: «Табиғат біздің көз алдымызда ашыла түскендей... Бейне бір оларға (қаскүнемдерге) сәлем деп құшағын жайып тұрғандай...», – деп басталады. «Жасыл желектер, сұлу табиғат бір ғана мақсатты көздегендей – ақ нәсілді адамға қалтқысыз қызмет ету».

Бұл тамаша бейне христиандарды өздеріне шақырып, қоршаған ортамен үйлесімділік туралы жалған сезім тудырады. Жакоб поэмасындағы «Кез келгеннің қажеттілігін қанағаттандыра алатын» «Әдем бақшасына» тәнті болған монахтар мен монах-әйелдер әлемді идеалдарына қарай қабылдап, толыққанды түсінбейді. Ал Бишоптың «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» өлеңінде португалдық конкистадорлар өлеңнің соңына дейін сөз етілмейді; алайда поэтесса табиғаттың байлығы оларды Жакобтың кейіпкерлерін еліткендей елітіп отырғанын білдіреді. Қоршаған ортаның түрлі-түстілігі бұл адамдарға «қызылкүрең, сары, екі сары, қызғылт, қошқыл-қызыл және ақшыл-жасыл» түсті өсімдіктерден басқаны көрмейтіндей етіп тастаған. Кейіпкерлер Бразилияның сұлу табиғатын жай ғана бақылап отырғанына қарамастан, өздерінің мәдени кодтары арқылы «өзінікі» етуге тырысып, бұл жердің пәктігін бұзып отыр. Олардың өріп отырғандары – әдемі эстетикалық гобелен ғана.

Сюжетті талдау барысында үшбұрышты тастарды көреміз: Бразилияға ақ нәсілді христиандардың баса көктеп кіруі; жері мен табиғатын тартып алуы, «ақ нәсілді» емес халықтармен конфронтация. Бразилия – беймаза, бейбіт, жәннәт мекен ретінде суреттеліп, оқырманның көз алдына өлім мен күйреу әрекеттерін елестетеді. Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» (1921) өлеңінде «күнәға» апаратын қатыгез оқиғалардың алды алынғандай. Жакоб жылап отырған монах-әйел туралы былай айтады: «Монах-әйелдер таңнан кешке дейін еңбек ететін. Олардың бірі хат оқып отырып, ұят пен масқараға шыдай алмай жылап жібереді» немесе «Үнсіз монах жүзім шарабына әбден тойып алды».

Жакоб секілді Бишоп та өлеңінің соңында конфронтация құрады. Барбара Пейдж «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» өлеңінің атауы Рио-де-Жанейроны португалиялық колония деп жариялаған мерзімді білдіреді дейді. Жакоб өз өлеңдерінде табиғатты ғана емес, «орман ішіндегі жүзге жуық қоныстанушылардың баспанасын» колонистерден құралған адамнан тоқылған жылы орамал секілді сипаттаса, Бишоп өлеңдерінде пальмалар мен құстарды «сынық дөңгелек» және «қауырсынның бір талы» деп сипаттайды. Екі өлеңде де пейзажды сипаттауда ұқсастық бар.

Жакоб пен Бишоп өлеңдеріндегі параллель – екі ақынның өлеңдерінің соңындағы «күнә» туралы сипаттамасы, «күнә» сөзін тек бас әріптермен жазуы. Мұнда тіпті табиғаттың өзі де күнәһар: кесірткелер «айдаһар» секілді ұзын құйрықты; мүк – тозақтағы қорқынышты жасыл жалын; құстар – күнәға бой алдырған. Бұл бейнелердің бәрі – Еуропаның құрылымдық бөлігі секілді, себебі, Жаңа Әлемнің табиғатына Ескі Әлемнің сүзгісі арқылы қарайды.

Табиғатты күнәһар «қауіпті әйел» секілді қабылдап, оған бейімделу керек деп есептеген Томас Трависаноны қолдай отырып, Бишоп өлеңінің соңында күнәһар табиғат пен оның



тұрғындарын өлтіріп, шынайы күнәнің түбін жойғанын символизациялайды. Егер Жакобтың драмалық қысымды дамыту үшін қолданатын ең тиімді құралы – Жаңа әлемнің қоршаған ортасын сөзбен асыра мадақтау болса, Бишопта – өлеңінің соңына дейін сақталып отыратын қорқынышты тыныштық. Бразилияның табиғаты күту үстінде, бірақ шыдамы біткен күту бұл. Жакобтікі секілді Бишоптың табиғаты бір сәтке тоқтап тұр, бірақ жарылуға шақ қап тұр. Мұндай шиеленіс екі ақынның өлеңінде де христиандар мен «ақ нәсілді емес» басқа халықтар арасында айқын конфронтация туындатады.

Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» өлеңінде агрессорлар ретінде – орманнан шыққан сайын саны жағынан көбейіп отыратын қара нәсілділер суреттеледі: «Балқарағай шыбықтары бір-бірімен айқасып өскен орман/Теміреткі секілді көрінеді. Бір кезде қара нәсілді адам қайдан шыққаны белгісіз, пайда бола кетті/Одан ары ол екеуге, сосын жүзге, бір кезде мыңға айналды. Айналадағы шөптердің бәрін таптап тастады». Олардың құрбандары – байғұс монахтар; тіпті түрмеге түсіп, сыналған әулиенің өзі «Бұл адамдарға қарсы байғұс зардап шегушілерге қарсылық білдіре алмады». Соған қарамастан, өзін құрбандар қатарына қоспайды; қара нәсілділерді қорланғандар, ал христиандарды – мейірбан адамдар ретінде суреттеу стереотипін бұзып, келемеждейді. Білік құрып тұрған және діни қауым үшін қара нәсілділер – жұқпалы теміреткі секілді олардың күнәсіз пәк Әдемін ластап жатыр. Алайда оқырмандарға қара нәсілділер материализациялы табиғи күш, бразилия ормандарының бейнесі, олардың туған жерін христиандардан қорғау үшін бас көтеруі – заңды секілді болып жеткізілген. Христиандар келемежденген: өздерін діндар деп есептеп, діни сөздер сөйлейді (мәселен, «қасиетті», «монах» немесе «шіркеу» секілді), қиындыққа тап болса, дереу тақуа болып шыға келеді. Жакоб оқырмандардың христиандарға деген аяушылығын тудыру үшін ештеңе жасап жатпайды, тіпті ниеті де жоқ.

Жакоб секілді Бишоп та конфронтацияны – болуы міндетті амал деп біледі, империализмнің билікке араласуына сын тағады. Соған қарамастан, Бишоп бұл мәселені айқын суреттеу үшін Жакобтың өлеңдерінің маңызды түрлерін ендіреді. Біріншіден: «Бразилия...» өлеңінде христиандардың мәртебесін өзгертеді. Португалиялық колонистер құқықбұзушыларға қарсы қатаң шаралар қолдануға құқылы. Олар – қатыгез қорлаушылар, Бишоп айтқандай, белгілі бір дәлелді себептермен тек шабуылдап қана қоймай, содан рақат табуға тырысады. Бір кезде Бишоп оларды «христиандар» деп атайды, бұл жерде олардың діни тақуалығын ерекше атау үшін емес, терминді әскери бейнелермен алмастырып, оларды қатыгез солдаттар ретінде көрсету үшін осындай терминді қолданады. Бишоп олардың дініне күмән келтіріп, рухани құндылықтарын сынады. Христиандардың қатыгездігі олардың мәртебесін түсіріп тастағанын айтады.

Екіншіден, Бишоп Жакобтың өлеңдеріндегі гендерлік динамиканы қарастыру арқылы империализмді қатты сынады. Жакобтың әйелдер, әсіресе монах әйелдер кейіпкерлер ретінде қаралған «Бразилияда діни қауымдастықты құру» өлеңіне қарағанда, Бишоп өлеңдерінде күрес алаңында жергілікті тұрғындар жоқ, олар тек шарықтау шегінде ғана пайда болып, нақты әйелдер ретінде айқындалады. Бұл әйелдер португалиялық конкистадорлар көзіне «олжа» болып көрінеді; өздерін қорғап қалу үшін күресуге жетпеген әйелдер «қатыгез жыртқыштар» алдында мүлдем дәрменсіз. Бірақ олардың дәрменсіздігі – жеңілгендігін көрсетпейді. Егер Жакоб табиғат пен «ақ нәсілді» адамдарды байланыстырса, Бишоп жергілікті әйелдерді табиғаттағы қоршаған дүниемен байланыстырып, кесірткеге ұқсатып, олардың дауыстарын құстардың дауысына ұқсатады. Сөйтіп, табиғаттың қорғаушы гобеленінде қалдыруға тырысады. Агрессорлар болса, әлі де алға шабуылдауын тоқтатпаған.

Бишоп Жакобтың бұзылулар империалистердің баса көктеп кіруінің салдарынан орын алғаны туралы пікірін қолдайды. Соған қарамастан, Бишоп сексуалды эксплуатацияны географиялық империализммен байланыстырып, агрессивтіліктің себебін түсіндіруге тырысады.

Жакоб өлеңінің үшінші нұсқасында Бишоп империализмнің өз орындаушыларына әсері туралы тұжырым жасайды. Бишоп өлеңіндегі әңгімелеуші басып алынған жабайыларды жақтап, олардың ереуілдерін «қасиетті миссия» деп көрсетеді. Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» өлеңінде христиан монархтарының тағдыры, өлім құшу себептері ашылады. Қара нәсілділер орман сияқты бір-ақ сәтте жоғалады, өлеңнің соңғы жолдары ажалдан аман қалып, осы оқиғаны айтып беріп отырған әңгімелеуші туралы хабар берсе де,



оқырман бұдан ары Бразилия туралы ештеңе біле алмайды. Бишоп әңгімелеушіні Бразилияда қалдыруды шешіп (ал Жакоб өзінің әңгімешісін елден кетіреді), жергілікті тұрғындар арасында орнықтырмақ болады. Жакобтың христиандары жасаған әрбір қадам орманға орнығу, үндістерге қарсылық білдіріп, белгісіздікті қалыптастыру мақсатын көздейді. Осы белгісіздікті белгілей отырып, Бишоп ақырғы жеңісті немесе жеңілісті бейнелемейді, зорлық болғанына жай ғана сілтеме жасап қояды.

Мұндай қақтығыстың салдары елдің бұзылуына әкеп соғуы әбден мүмкін. Империализм, поэмада алға жылжулар мен артқа шегінулердің үзіліссіз циклы ретінде қаралуы керек. Оның бағасы қаншалықты жоғары болса, тілмен сипаттау соншалықты қиын. Өлеңде көптік жалғауын жиі қолдану – 1502 жыл мен қазіргі уақыттың арасы тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Сондықтан Бишоп өлеңдерінің соңында Бразилиядағы империалистік әрекеттер оның тұрғындарын қинап жібергенін, қиындықтың жай тілмен сипаттағаннан да қорқынышты әрі ауыр болғанын айтады.

Бишоп Жакобтың империализмнің салдары туралы қорқынышымен бөлісуді немесе тіптен ушықтыруды мақсат тұтса керек. Бишоп Жакобты қолдайды, содан кейін дереу пікірін өзгертіп, кінә мен аяушылық мәселесін шешудің конструктивті үлгісін ұсынады. Екі ақынның әңгімелеушілері арасындағы ұқсастық айқын көрінеді, себебі олар екеуі де арада біраз уақыт өткеніне қарамастан, бір дәуірді сипаттайды.

Бишоптың әңгімелеуші-кейіпкері – Бразилияға 1502 жылы келген турист бұл жерде болған оқиғаны ақиқаттан алыстатып суреттейді. Жакобтың әңгімелеушісі ешқандай ақталуға келмейді, себебі ол – жаппай қанды қырғынға әкелген діни қауымның белді мүшесі. Бишоптың «Бразилия ...» өлеңінің әңгімелеушісі осы қырғынның не қатысушысы, не тіпті куәгері болмағанына қарамастан, автор империализмнің оған да ықпал еткенін айтады. Бір жағынан, оның әңгімелеушісі Бразилия туралы пікірлердің қателігін түсінеді, екінші жағынан, 1502 жылы келген колонистер секілді Бразилияның сұлулығына тәнті. Бразилияның экзотикалық сұлулығына тамсанып, оны өзінің етуден бас тарта алмай, ол өзінің қиялы мен сөздік қорын осы кереметті суреттеу үшін барынша пайдаланады.

Аяушылық пен өзін кінәлі сезіну сезімдерінің болғанына қарамастан, екі ақынның кейіпкерлері өздерінің рөлдерін екі түрлі көреді. Жакобтың әңгімелеушісі кінәсін мойындамайды, жауапкершілікті сезінбейді, сондықтан өзінің тұлғасынан тыс болып жатқан өзгерістерді түсіне алмайды. Өзінің іс-әрекеттерін бағалаудың орнына, кінәсін жуып-шаюдың орнына ол құрып отырған кәсіпорны сәтсіздікке ұшырағаны себепті уайым шегеді, қайғы жұтады. Өзін аяп, басқаның құрбан болғанын түсінбейді. Былайша айтқанда, ол діндар және жақсы-ақ адам еді, алайда өз өміріндегі сәтсіздігі себепті қатыгезденіп кеткен. Империализм – оның жеке тұлғалық трагедиясы, оған эгоист ретінде жауап береді.

Жакоб өзінің әңгімелеушісін соншалықты сүйкімсіз етіп көрсетеді, ол автордың өзі ешкімге аяушылық білдірмейді деп, оны кінәлауынан көрінеді. Бишоп кінәмен күресудің сәтсіз жолдарының шеңберінен шықпай, империализм үдерісінің ықпалына қалай түспеу керектігін көрсетеді. Оның басты ойы – Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» өлеңіндегі эгоцентристік тұлғаны Бишоптың «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» өлеңіндегі аяушылық «дауысына» айналдыру. Өлеңінің соңында Бишоптың әңгімелеушісі үндістердің әйелдеріне қосылып, орманның түбіне қарай кетіп қалады. Бишоптың әңгімелеушісінің империалистік кінәсі кері шегінуге түрткі болады, бірақ өзімен өзі болып қалмай, зорлық көрген әйелдерге қарай шегінеді.

Осылайша, Бишоптың «Бразилия...» өлеңі кінә мен аяушылықты тудыру мақсатымен аяқталады.

Жакобтың Бишопқа тигізген әсер ету деңгейін анықтау үшін С. Хеннеберг терең зерттеулер жүргізу керектігін айтады. Алайда автор «Бразилияны...» жазғанда, Жакобтың өлеңін терең зерттегені көрінеді. Жакобтың «Бразилияда діни қауымдастықты құру» өлеңіне сүйеніп, империализмді сын тезіне алады.

Әрине, «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» өлеңі сөзбе-сөз немесе еркін аударма болып саналмайды. «Бразилия, 1502 жылғы 1 қаңтар» өлеңі мен «Бразилияда діни қауымдастықты құру» өлеңінің антиимпериалистік сарыны біркелкі болғанымен, Бишоп белгілі бір деңгейде ерекше туынды жаза алды. «Португалиялық басқыншылар секілді Бразилияның



сұлу табиғатына тәнті болған Элизабет Бишоп Жакобтың өлеңінің бай текстурасына елітіп, трансформативті интерпретацияны қолданған», – дейді С. Хеннеберг.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Трансформативті интерпретацияның мәні неде және оның еркін аудармадан айырмашылығы қандай?
2. Талданып отырған шығармалардағы авторлық идеяны түсіну үшін қолданылатын баяндау тәсілінің рөлі қандай?

Әдебиеттер

1. Bishop Elizabeth. The Complete Poems 1927-1979. – New York: Farrar, Straus and Giroux, 1983.
2. Jacob Max. Foundation of a community in Brazil// Transfusions: Poems from the French. – Newcastle upon Tyne: Tynside Free Press, 1995.